

Ауыл шаруашылығы дақылдарын себудің оңтайлы мерзімдерін белгілеу туралы

Жамбыл облысы Т. Рысқұлов ауданы әкімдігінің 2018 жылғы 14 ақпандағы № 92 қаулысы. Жамбыл облысы Әділет департаментінде 2018 жылғы 21 ақпанда № 3715 болып тіркелді

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

Күжаттың мәтінінде тұпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 31 бабына, "Өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыру туралы" 2004 жылғы 10 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 5 бабы 3 тармағының 3) тармақшасына сәйкес аудан әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес 2018 жылды Т.Рысқұлов ауданының аумағында өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыруға жататын өсімдік шаруашылығы өнімдерінің түрлері бойынша егіс жұмыстардың басталуы мен аяқталуының оңтайлы мерзімдері белгіленсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Тлепов Манарабек Әмреұлына жүктелсін.

3. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және оның алғаш ресми жарияланған күннен күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

A.Kрыкбаев

Т.Рысқұлов ауданы әкімдігінің

2018 жылғы 14 ақпандағы № 92

қаулысына қосымша

2018 жылы Т.Рысқұлов ауданының аумағында өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыруға жататын өсімдік шаруашылығы өнімдерінің түрлері бойынша егіс жұмыстардың басталуы мен аяқталуының оңтайлы мерзімдері

№	Өсімдік шаруашылығы өнімдерінің түрі	Егіс жұмыстардың басталуы мен аяқталуы
1	Күздік бидай	2018 жылғы 10 қыркүйек - 20 қараша аралығы
2	Жаздық арпа	2018 жылғы 15 наурыз – 15 сәуір аралығы
3	Сұлы	2018 жылғы 15 наурыз – 15 сәуір аралығы
4	Қант қызылшасы	2018 жылғы 01 – 20 сәуір аралығы
5	Жүгері	2018 жылғы 25 сәуір – 15 мамыр аралығы
6	Мақсары	2018 жылғы 20 наурыз – 20 сәуір аралығы
7	Соя	2018 жылғы 1 -10 мамыр аралығы

Ескертпе: Үстіміздегі жылы көктем мерзімінің қалай шығуына байланысты өсімдік дәнін сініретін топырақ қабатының температурасы төмен және аяа-райының құбылмалы болуына орай, аталмыш себу мерзімі 10-15 күнге ауытқуы мүмкін.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК